

Ғарышкерлер күні

Тақырыбы: «Айға сапар»



Тәрбиеші: Бимашева Г.Б.

Тақырыбы: «Айға сапар»

Мақсаты: Балалар ғарыш әлемі жайлы түсінік алады. Еліміздің ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын Айымбетовтарды суреттен тани алады. Буклет бойынша әңгімелей отырып, байланыстырып сөйлеуге дағдыланады. Ойлау, есте сақтау қабілеттері, шығармашылық қиялдары дамиды.

Жерді қоршаған бүкіл дүние – Әлем немесе Ғарыш деп аталады. Қазақстанда ғарышқа бірінші болып ұшқан - Тоқтар Әубәкіров. Ғарыш кемесі ұшырылатын ғарыш айлағы Қазақстан жерінде Байқоңырда орналасқан. Ғарышкер ағаларымыз ғарышқа зымыранмен ұшады екен. Оны ғарыш кемесі деп те атаймыз. (зымыран суреті мен макетін көрсетеді). Олар ғарышқа ұшып барып, аспан әлемін зерттейді. Біз бүгін ғарышкер ағалармен, аспан әлемімен танысамыз.

Байқоңыр - ғарыш айлағы. Ол Қазақстанның Қызылорда облысында Қармақшы ауданы деген жерде орналасқан. Ғарышқа ұшар алдында ғарышкерлер әртүрлі дайындықтан өтіп, арнайы білім алады. Ғарышта адам демалатын ауа жоқ, көлеңке жағы қатты суық, күн түсіп тұрған жағы өте ыстық болады екен. Ғарышкерлер үстеріне арнайы киім киеді. Ол скафандр деп аталады. Ғарыш кеңістігінде ауа жоқ болғандықтан тек осы арнайы киіммен жүре алады екен.

Білесіндер ме ғарышкер болу үшін ең алдымен шынығу керек дейді, енді бәріміз орнымыздан тұрып жаттығу жасап алайық.

Әуен арқылы жаттығу жасайды.

Ал, екіншіден өте білімді болу керек екен, мен сендердің білімдеріңді тексеремін, ол үшін мынадай ойын ойнаймыз.

Ойын: «Зымыранды құрастыр»

Балалар жеке пазл бөліктерден зымыранды құрастырып шығады.

Сергіту сәт:

Қане қанат жасайық,
Зымыранға ұқсайық.
Зымыран боп ұшайық,
Ұшып-ұшып алайық.

Ойын: «Зымыранмен ұшамыз»

Ойналу барысы: Жіптегі зымыранды тарта отырып, ғарышқа ұшамыз. Кім бірінші болып зымыранды ұшырса сол жеңіске жетеді.

Ойын: «Айға саяхат»

Ойналу барысы: Алдарында тұрған аспан әлемі суретінің үстіне зымыран, ғарышкерлер, планеталардың суретін қойып, үстінен үнді үкіштен өткізіп себеміз.





